

Кенжекөл ауылында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 03 қарашада № 5670 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

"Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық
актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау
банкі" АЖ 09.11.2017 ж.

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 19.02.2018 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссия отырысының 2017 жылғы 22 маусымдағы № 3 хаттамасы негізінде, Павлодар қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қаласының Кенжекөл ауылында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Павлодар қаласы әкімінің орынбасары А. Б. Балашов төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар
қаласының әкімі

Н. Әшімбетов